



Ембі ТЫНЫСЫ

АРНАУЛЫ
НВМІР

№9 (126)
ҚЫРКҮЙЕК
2024 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНА
125
1899 - 2024
ЖЫЛ

ТАРИХ ЕМБІДЕН БАСТАЛАДЫ



Қазақ мұнайына 125 жыл: Кең байтақ қазақ сахарасының батыс аймағында қара жердің төсін жарып шыққан «қара алтын» қайнары келешек тәуелсіз мекеннің ырыздық несібесіне айналарын кім білген?

Осыдан 125 жыл бұрын Жем-Сағыз бойын жайлаған көшпенді жұрт алғашқы мұнай көзіне кезігеді. Төрт түлігін қастерлеп, жүгін түйеге артып, жаз жайлауын, қыс қыстауын сайлаған бабамыздың жер қойнауынан шыққан қара майдың нағыз байлықтың көзі екенін білмегені ақиқат. Алайда, сол Ембі мұнайының тұңғыш бесігі Қарашұңгілдің даңқы жер шарына тез таралды. Қара алтынның қадірін білген әлемлік өндірістің алпауыттары қазақтың сайын сахарасына қарай асықты. Олардың арасында дама кезген жиһанкез де, географ пен геологтар да, әйгілі бизнес әлемінің серкелері де болды. Солардың қатарында есімі күллі ғаламға белгілі

Нобельдер де бар еді.

Арада 9 жыл өткенде 1908 жылы Ескенеден тұңғыш мұнай бұрқағы алынды. Ал, 1911 жылдың сәуір айында Доссорда сапасы саф алтынға бергісіз мұнай кен орны ашылды. Тура 1 жылдан соң «Ембімұнай өндірісі және сауда» АҚ құрылып, қазақ мұнайы Лондон биржасы арқылы жұртшылыққа жария болады.

1915 жылы ағайынды Нобельдердің компаниясы қазақ мұнайын игеруді бастады. Қойнауы құтқа толы Доссор, Мақат кен орындарын игеру үшін «Ембімұнай» тресі құрылады. Қазақ мұнайының шежірелі тарихы осылай басталды.

Айтулы мерекеге орай «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелерде салтанатты жиындар өтті.

➡ (ТОЛЫҒЫРАҚ 4-5 БЕТТЕРДЕ)

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада Қазақстанның мұнай өнеркәсібіне 125 жыл толуына орай ұйымдастырылған салтанатты іс-шараға қатысып, мұнайшыларды кәсіби мерекемен құттықтады. Мемлекет басшысы бұл датаның айтулы белес екенін ерекше атап өтті.

– Бәріңізге мәлім, қазақ мұнайы ғасырлар тоғысында алғаш рет Атырау аймағынан алынды. Содан бері бұл сала ел экономикасында айрықша рөл атқарып келеді. Халқымыз да мұнайды «қара алтын» деп атайды. Дүние жүзінің өркендеу жолы энергетика ресурстарымен тығыз байланысты болды. Ғылым мен технологияның дамуына қуат көздері ерекше ықпал етті. Осы үрдіске қазақ жеріндегі қара алтын өндірісі де мол үлес қосқаны сөзсіз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның мұнай өнеркәсібі өз тарихы мен дәстүрі бар сала екеніне тоқталып, оның қалыптасып, дамуына елімізге белгілі тұлғалар зор еңбек сіңіргенін жеткізді.

– Геологтарымыз көптеген кен орнын ашты. Сафи Өтебаев, Жолдасқали Досмұхамбетов, Бөлекбай Сағынғалиев бастаған мамандар кеніштерді ел игілігіне жаратты. Олардың тағылымды еңбек жолы әрдайым жас ұрпаққа үлгі болары анық. Аға буынның өнегелі ісін кейінгі ұрпақ лайықты жалғастыруда. Бұл салада тұтас еңбек династиялары бар, яғни, қара алтын өндірісі бүгінде мұнайлы аймақтың ата кәсібіне айналды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы мұнай мен газды еліміздің стратегиялық ресурсы әрі мемлекет экономикасының тірегі деп атады. Бұл ретте мұнайшылардың еңбегін жоғары бағалады.

– Қазір осы салада 250 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Мұнай-газ өнеркәсібі заманға сай дамып келеді. Өндіріске инновациялық технологиялар енгізіліп жатыр. Экологияны сақтауға арналған жаңа стандарттар қалыптасты. Қазақстанда мұнай өндірумен қатар, оны өңдеу жұмысы жолға қойылған. Негізгі жанар-жағармай өнімдерінің көбі өз елімізден шығады. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы бұл жұмысқа зор үлес қосып келе жатыр. Қазақстан әлемдік мұнай нарығында басты рөл атқаратын елдердің біріне айналды. Дүние жүзіне белгілі брендіміз бар. Еліміздің энергетикалық қауіпсіздігі нығая түсті, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Chevron, ExxonMobil, CNPC, Eni, Shell, Лукойл, Total және Sinorec сияқты жетекші



АҚ ОРДА ТӨРІНДЕГІ САЛТАНАТ

әлемдік мұнай-газ корпорациялары елімізде аталған саланы дамытуға ерекше ықпал етіп отыр.

– Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ кен орындарын игеру, Каспий құбыр желісі консорциумы жобасын іске асыру – мемлекет пен инвесторлар арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың жарқын үлгісі. Қазақстан бұл салада ашық және жан-жақты ойластырылған саясат жүргізу арқылы жаһандық экономикаға дендеп еніп, үлкен көлемде инвестиция тартып жатыр, – деді Президент.

Мемлекет басшысы энергетика саласының түбегейлі өзгергеніне, логистика, экология мәселелерінің маңызы артқанына назар аударып, бұл секторда алдағы уақытта атқаруға тиіс бірқатар міндетке тоқталды.

– Ғылыми-технологиялық прогресс әлемдік мұнай-газ саласын дамытуда айрықша рөл атқарады. Мұнай өндіру көлемі тұрақты өсуі үшін геологиялық барлау және кен орындарын игеру ісіне озық технология-

ларды белсенді түрде енгізу қажет. Бұрын-соңды болмаған халықаралық тұрақсыздық жағдайында экспорттық бағыттарды одан әрі әртараптандыру – басты міндет. Мұнай өңдеу секторын дамыту маңызды. Заманауи экологиялық стандарттарға сай мұнай өнімдерінің тұрақты өндірісін қамтамасыз ету керек. Мұнай-газ химиясының да келешегі зор, – деді Мемлекет басшысы.

Президент жақында Атырауда полипропилен зауыты іске қосылғанына тоқталып, осы саладағы басқа да жобаларды уақтылы жүзеге асыру қажет екенін атап өтті.

– Біз өңделу деңгейі жоғары өнім шығару мүмкіндігімізді еселей түсуіміз керек. Мұнай-газ – еліміздегі орта бизнесті дамыту тетіктерінің біріне айналуға тиіс. Бұл – ауқымы кең сала. Осы мақсатқа жету үшін мемлекет кешенді шаралар қабылдап жатыр. Аталған секторда қызмет ететін ірі кәсіпорындар отандық кәсіпкерлердің өнімдерін өз қажетіне жаратуға басымдық бере отырып, жергілікті үлесті кезең-кезеңімен арттыра беруі қажет. Әлеуметтік жауапкершілікті күшейту,

әлеуметтік маңызы бар инфрақұрылымның дамуына қомақты үлес қосу – негізгі міндет. Білікті мамандар даярлауға баса мән беру керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиын соңында Президент мұнай-газ саласында өнімді еңбек етіп, еліміздің өркендеуіне зор үлес қосқан бірқатар азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады. Солардың қатарында ел билік ардагерлер Бағыт Сметулин «Парасат» орденімен, Ғалия Ерниязова 3-дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен, Людмила Орлова «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Сонымен қатар, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның Алтыкөл кен орнының 5-разрядты мұнай және газ өндіру операторы Салтанат Орынбасаров пен «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның №5 мұнай және газ өндіру цехының 5-разрядты операторы Бексұлтан Мұхамбетқали «Күрмет» орденінің иегерлері атанды. Ал, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның Ақтөбе-Досмұхамбетов кен орны мұнай және газ өндіру цехының 5-разрядты операторы Ғалымжан Қожақыметов 3-дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен марапатталды.

КӘСІБИ МЕРЕКЕ

ЕМБІЛІКТЕР – МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ ИЕЛЕРІ

Астанада ҚР Премьер-Министрі Олжас Бектенов Қазақстан мұнайының 125 жылдығына орай қара алтын игеру саласы қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтап, Президент атынан мемлекеттік марапаттарды табыс етті.

Үкімет басшысы Қазақстанды әлемдік энергетика нарығындағы жетекші елдер қатарына қосқан сала ардагерлері, мұнайшылар, инженерлер мен ғалымдарға ерен еңбектері үшін алғысын білдірді.

Премьер-Министр мұнай-газ секторын дамытуға қосқан үлесі үшін Мемлекет басшысының атынан еңбегімен ерекше көзге түскен мұнай-газ кешенінің 40 қызметкеріне марапат табыс етті. Олардың қатарында ембілік сала ардагерлері мен мұнайшылар бар. «Парасат» орденімен еңбек ардагері Махаш Рахметов, сала сарапшысы Ма-



хамбет Досмұхамбетов, «Күрмет» орденімен мұнайшы ардагер Мадыхат Нұрмұханов марапатталды.

Сонымен қатар, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ №2 Терең-Өзек мұнай және газ өндіру цехының 5 разрядты операторы Жайғали Жалғасбаев,

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ ұңғыларды жерасты жөндеу цехының бастығы Маратбек Тәженов III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденінің, «Ембімұнайэнерго» басқармасының «Прорва» аудандық электр торабының учаске бастығы Нұрқұат Асқаров, ӨТҚЖЖК басқармасының

өндірістік қызмет көрсету учаскесінің бастығы Сабыржан Төлегенов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай мұнай және газ өндіру цехының 5-разрядты слесарь-жөндеушісі Есімбек Бердалиев «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегерлері атанды.

«Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында мұнай-газ химиясы саласын одан әрі дамыту міндеттерін атап өтті. Саладағы жетістіктеріміз мұнай өндіру және оны тасымалдаумен ғана шектелмейді. Көмірсутектерді ішкі өңдеу саласын дамытуға көп күш жұмсалады. Атырау облысында полипропилен өндіретін зауыттың ашылуымен толыққанды мұнай-газ химиясы кластері құрылды. Алда полиэтилен және бутадиең шығаратын жаңа жобалар тұр. Аталған кәсіпорындар импортты алмастыруға ықпал етіп қана қоймай, шағын және орта бизнесті дамыту үшін қажетті жағдай жасайды. Алдағы жылдары жаңа газ өңдеу зауыттары салынады. Мұнай-газ кешені келешекте де экономикамыздың қозғаушы күшінің бірі болып қала бермек. Біз саланы инновациялық технологияларды енгізу арқылы және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, одан әрі дамытуды көздейміз», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

ҚОЙНАУЫН ҚАЗЫНАНЫҢ ИГЕРГЕН...



Еліміздің үздіксіз даму үрдісінде мұнай-газ саласының үлесі зор. Мұнай-газ кешені қызметкерлері күні қарсаңында Махамбет атындағы Атырау облыстық академиялық драма театрында өткен Қазақстан мұнайының 125 жылдық мерейтойына арналған салтанатты шарада ел ырыздығын еселеген еңбеккерлер сый - құрметке бөленді. Мұнайшыларды облыс әкімі Серік Шәпкенов, Энергетика вице-министрі Құдайбергем Арымбек, Қазақстанның Еңбек Ері, мемлекет қайраткері Ұзақбай Қарабалин, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов құттықтап, ізгі тілектерін арнады.

- Өздеріңіз білетіндей, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қарым - қатынастың үзіліп, экономикамыздың қиындаған сәттерінде еліміздің аяғынан нық тұруына қолдау көрсеткен мұнай-газ саласы болатын. Әлі күнге дейін, 125 жыл бойы еліміздің экономикасының локомитиві болып қалып отыр. Қазақстанда өндірілетін мұнайдың 60 пайызы Атырауда өндіріледі. Сол себепті де, өңіріміз мұнай мұхитының меридианы деуге толық негіз бар.

Сіздер, сала ардагерлері мен қызметкерлері, жер байлығын халықтың ырыздық - несібесіне айналдыруда талмай еңбек етіп келесіздер. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлестеріңіз үшін алғысымыз шексіз, - деп аймақ басшысы мерекелік тілегін жеткізді.

Мұнай өндіру облыс экономикасы тайқазанының негізгі бөлігін толтырып отырған сала. Ал, өңірдің мұнай компаниялары аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы міндеттерді шешуге белсенділікпен атсалысып келеді. Мерекелік кеште Қазақстанның Еңбек Ері, мемлекет қайраткері

Ұзақбай Қарабалин жерасты қазына байлығын ел игілігіне ұсынып, «қара алтынды» игерген мұнайшыларды құттықтады.

- Қазіргі жағдайда еліміз дүние жүзіне мұнайлы мемлекет ретінде таниды. Статистикаға көз жүгіртсек, біздің еліміздің мұнай қоры бойынша әлем елдерінің арасында 12 орында екен. Бұл-жоғары көрсеткіш. Үлкен жауапкершілік. Әрине, мұндай жетістіктерге сала қызметкерлерінің қажырлы еңбегімен, мұнайшылардың маңдай терімен жетіп отырмыз, - деді ардагер мұнайшы.

Шараға арнайы қатысқан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов мұнайшыларға жанқиярлық еңбегі мен мамандығына деген адалдығы үшін алғыс білдіріп, 125 жыл ішінде мұнай саласы Қазақстанның экономикалық дамуына елеулі үлес қосқанын атап өтті.

- 125 жыл ішінде Қазақстанның мұнай-газ саласы еліміздің экономикалық дамуының қозғаушы күшіне айналды. Осы жылдар ішінде сала түрлі кезеңдерден өтті. Мұнайшылардың ерен еңбегі мен қажыр-қайраты

елдің энергетикалық әлеуетін дамытумен бірге, өңірлердің әлауқатын жақсартуға үлес қосып келеді. Бүгін еңсемізді тік көтеріп жүруіміз даңқты ардагерлеріміздің жасампаз еңбегінің арқасында. Сол кісілердің жанқияр ерлігі мен ерен еңбегіне алғысымызды білдіреміз», - деген «ҚазМұнайГаз» басшысы Асхат Хасенов салтанатты сәтте бірқатар мұнайшыға мұнай-газ саласының дамуына қосқан үлесі, еңбектегі кәсіби біліктілігі мен жетістігі үшін мерейтойлық медальды табыстады.

«Бұл 125 жыл қиындықтар мен ерлікке толы. Төгілген тер, жұмсалған жігер зая кеткен жоқ деуге негіз бар. Олай дейтініміз, бүгінде Қазақстан мұнайы әлемдік экономикаға зор серпін беріп, ғаламдық өндіріс үдерісіне үлес қосып келеді». Осылай деген Энергетика вице-министрі Құдайбергем Арымбек те жер қойнауының байлығын ел игілігіне жаратқан мұнайшыларды мерекемен құттықтап, ізгі лебізін жеткізді.

«ҚазМұнайГаз» компаниялар тобына қарасты «Ембімұнайгаз» АҚ, «АМӨЗ» ЖШС мен «Каз-ТрансОйл» АҚ-ның Атырау мұнайқұбыры басқармасының ардагерлері мен еселі еңбегімен ерекшеленген қызметкерлеріне мерейтойлық медаль, құрмет грамоталары мен алғыс хаттар табысталды.

Мерекелік шарада облысқа, республикаға танымал өнерпаздар ән мен жырдан шашу шашып, көпшілікке көтеріңкі көңіл - күй сыйлады.





Мерейді тасыйтқан



Биылғы мұнайшылардың кәсіби мерекесі Қазақ мұнайының 125 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келуімен ерекшеленді. Ембілік мұнайшылар қос мейрамды жоғары деңгейде атап өтті. «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты барлық басқармада салтанатты шаралар ұйымдастырылып, жекелеген мамандар табысты еңбектеріне орай марапатталды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-на қарасты барлық еншілес мекемелер тойлап жатқан 125 жылдық мерейтой ембіліктер үшін айтулы. Себебі, 125

жылдық мерейтой дәл осы Ембіден басталды. Атыраудағы Қарашұңгіл жерінен табылған «қара алтын» бүгінде қазақ елінің атын әлемге танытты. Салтанатты шара кезінде ембіліктердің мерекеге қосқан үлестеріне айрықша мән берілді.

- Бүгінде еліміздің мұнай-газ секторында қызмет етіп жатқан компаниялар Қазақ мұнайының 125 жылдығын ортақ мереке ретінде үлкен дайындықпен, жақсы көрсеткіштерімен атап өтіп жатса, бәріміздің басымызды қосатын осынау айтулы күн дәл осы Ембі өндірісінен бастау алғанын біздер, ембіліктер ерекше мақтаныш сезіммен айтамыз. Бұл – қарапайым еңбек адамының мәртебесін көтеретін шара. Біз компанияда орын алған үрдіспен мерекелік шараларда ембілік ардагер-



Қос мереке

лерге құрмет көрсетіп, бүгінгі мамандарға ықылас білдірдік, - деп атап өтті өзінің мерекелік лебізінде «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат ІЗМҰХАНБЕТ.

Салтанатты шаралар легінің шымылдырығы Жылыой ауданындағы іргелі ұжымда түрілді. «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында (МГӨБ) өткен «Мұнайлы өлкем менің қазыналы» атты салтанатты шарада «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Абат Күтжанов пен Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова барша жылыойлық ардагерлер мен мұнайшыларды айтулы қос мерекемен құттықтап, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттарын табыс етті.

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның бастығы Ербол Наурызбеков ембілік ардагер Максим Избасовты мерейлі 70 жасымен құттықтап, барша жылыойлық мұнайшылар атынан иығына шапан жапты.

Мұнайшылардың қос мерекесі «Доссормұнайгаз» МГӨБ-да өткен салтанатты шарамен жалғасты. Мерекелік шара кешегі күндерде Доссор өңірінің атауын әлемге паш еткен аға буынның есімдері мен еңбектері көрініс тапқан театрландырылған прологпен басталды.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Измұханбет 11 доссорлық ардагер мұнайшыға «Қазақстан мұнайына -125 жыл» мерейтойлық медалін салтанатты түрде табыс етті.

Марапаттау шарасының кезегінде сахна төріне Компанияның Құрмет грамотасы мен Алғыс хатына ие болған бір топ қызметкер шақырылды. Марапат иелеріне жылы лебіздерін жолдағандар «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Әбенев пен Компанияның Кәсіподақ комитетінің төрағасы Болат Нсанбаев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның бас инженері Жасұлан Беркали-

евтер доссорлық мұнайшыларға марапаттарын табыстады.

Қос мерекеге арналған салтанатты шара «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-да жалғасты. Исатай аудандық «Жалын» мәдениет үйінде жайықмұнайгаздық мұнайшылар ардагерлерге құрмет көрсетіп, ыстық лебіздерін арнады. Мерекелік концерттік бағдарламасын ұсынды.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Нұрғожаұлы жайықмұнайгаздық мұнайшылардың ел қазынасын еселеудегі табысты еңбектерін атап өтіп, жекелеген қызметкерлерге Алғыс хат, Құрмет грамоталарын салтанатты түрде табыс етті.

Басқарма бастығы Азамат Маңғыбаев та өз кезегінде барша ұжымына бірлескен еңбектеріне шексіз алғысын жеткізді. Еділ мен Жайық – қос өзен аралығындағы басқарманың қалыптасып, алғашқы қара алтын өндіру мен тапсыру жолында ұзақ жылдар еңбек еткен мұнайшы ардагерлер «Қазақстан мұнайына -125 жыл» медалімен марапатталды. Мерекелік шараның соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

Мерейтойлық шара «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-да жалғасып, ардагерлер мен бір топ қызметкерге «Қазақстан мұнайына -125 жыл» медалі мен Құрмет грамотасы, Алғыс хаттар табысталды. Мерекелік шарада «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Р.Измұханбет қайнарлық мұнайшыларды айтулы датамен құттықтап, табысты еңбектеріне алғыс білдірді.

Басқарма бастығы Амангелді Сүлейменов табысты еңбектерімен ерекшеленген қызметкерлерге жылы лебізін білдіріп, Алғыс хатпен марапаттады.

Мұнайшылардың кәсіби мерекесімен тұспа-тұс келген Қазақ мұнайының 125 жылдық мерейтойын Атырау қаласында қоныс тепкен «Ембімұнайэнерго» мен «ӨТҚЖЖК» басқармаларының ұжымдары да атап өтті. «Ембімұнайэнерго» басқармасындағы мерекелік шара кешегі тарих пен бүгінгі кәсіпорынның тынысы театрландырылған қойылымнан басталды. Шарада бас қосқан сала ардагерлері мен жекелеген мамандарға жоғары марапаттар ұсынылды. Аталмыш қос басқарманың басшылары Ғабит Иманғалиев пен Айхан Досниязов та өздерінің жүрек жарды жылы лебіздерін әріптестеріне арнады.

«Ембімұнайэнерго» мен «ӨТҚЖЖК» басқармаларындағы салтанатты шараларға қатысқан Ринат Нұрғожаұлы ғасырдан астам жер қойнауын игеріп келе жатқан «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бағындырған асуларында әрбір маманның үлесі барын ерекше атап өтіп, ұжым мүшелеріне алғысын білдірді.

Салтанатты шаралар легі Орталық басқару аппаратында ұйымдастырылған кешпен қорытындыланды. Компанияның дамуына елеулі үлес қосқан ардагерлер мен абыройлы еңбегімен ерекшеленген қызметкерлер, сонымен қатар, Өндірістік-құрылымдық бөлімшелер кәсіподақтары комитеттерінің жетекшілері «Қазақ мұнайының 125 жылдығы» мерекелік медалімен марапатталды. Сонымен қатар, еңбектегі жетістіктерімен ерекшеленген қызметкерлерге Құрмет грамотасы және Алғыс хаттар табыс етілді.

Түйін. Мерейтойлық шаралардың мақсаты – компанияның беделін көтеру, қарапайым еңбек адамының адал еңбегіне құрмет көрсету, мұнайшылардың мәртебесін асқақтату.

Бұл орайда, компанияға қарасты барлық басқармада өткен салтанатты шаралардың көздегені бес мыңға жуық адамның әрқайсысына мерекелік көңіл-күй сыйлау, ембілік ардагерлерге шараның төрінен орын ұсынып, ыстық ықыласқа бөлеу болса, біз сол мақсат үдесінен шықтық деген ойдамыз.

Мерекелі, берекелі күндеріміз көп болғай, құрметті әріптестер!



ТУҒАН ЖЕРДЕП ЖАҢА ЕҢБЕК ОРТАСЫ

- «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Бас директоры лауазымы – туған жеріңіз Атыраудағы алғашқы еңбек ортаңыз. Естүімізіше, өзіңіздің еңбек жолыңызда еліміздің түкпір-түкпірінде, біраз облыстарда басшылық қызметтерде болыпсыз. Сізге Атыраудан жаңа лауазым ұсынылғанда қандай әсерлер болыңыз?

- Иә, дұрыс айтасыз. Мен Атырауда дүниеге келдім. Өмірдің ағысына орай 25 жылдық еңбек жолымда еліміздің біраз өңірлерінде еңбек еттім. Мұнай-газ саласында қатардағы операторлықтан бастадым. Жалпы, әрбір кадр таңдаған мамандығын шебер меңгеру үшін еңбек жолын төменгі сатыдан бастау керек деп ойлаймын. Сонда ғана адам кәсіби маман ретінде жан-жақты қалыптасады.

Қазақ мұнайының бастауында тұрған отандық кәсіпорын – «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Бас директоры лауазымы ұсынылғанда, алдымен келген ой: «бұл - маған артылған үлкен жауапкершілік». Еліме келіп, кіндік қаным тамған жерде еңбек ететініме іштей қуандым. Бойымды «Туған жерімде еңбек етемін, оның дамуына перзенттік үлесімді қосамын» деген мақтанш сезім кернеді.

Ембі өңірі – бүгінде есімдері кеңге тараған талай майталман мұнайшылар түлеп ұшқан киелі мекен. Еліміздің мұнай-газ саласында өздерінің орнын ойып тұрып алған аға буын мұнайшылардың қолтаңбалары сақталған «Ембімұнайгаз» компаниясын басқару кез-келген адамның басына бұйыра бермейтін бақ деп есептеймін. Осы орынға мені лайық деп бағаласа, мен үшін бұл – үлкен абырой.

ЖАҢА ҚЫЗМЕТ, ЖАҢА МІНДЕТ

- «Ембімұнайгаз» АҚ-на келгенде алыңызға үлкен мақсаттар қойғаныңыз даусыз. Мақсатыңызға жету жолында қандай бағыттарға көбірек мән бермекшісіз?

- «Ембімұнайгаз» компаниясы - алдына стратегиялық жоспар қойған іргелі кәсіпорын. Өнім өндіру барысында ұстанған бағыттары: ілеспе газды кәдеге жарату, интеллектуалды кен алаңдарын дамыту, экологияны сақтау, қорғау, байырғы өндірістің қор ресурсын көбейту бағытындағы жұмыстарды жалғастырамыз. Ұжымның қауіпсіздігін сақтау – өзекті бағыттың бірі. Міне, алдағы уақытта осы жұмыстарға ерекше мән береміз.

Өзінің ғасырдан астам тарихында компания үлкен қалыптасу жолынан өтті. Соңғы жылдары энергия ресурстарын үнемдеп, шығындарды оңтайландырып, өндіріске жаңа технологияларды енгізу мен жаңа жобаларды жүзеге асыруда үлкен жұмыстарды атқарды.

Сол жобалардың біразы алдағы уақытта да сәтпен жалғасады. Нақтыласам, **ұңғыларды горизонталды бұрғылау бағытындағы жұмыстар**. Бұл еліміздің мұнай-газ саласында біраздан келе жатқан әдіс болғанымен, Ембі үшін – бастама. Ұңғыларды горизонталды бұрғылау әдісі вертикалды әдіспен қазылатын ұңғыларға қарағанда 7-8 есе көп өнім беретіні дәлелденген. Сондықтан да, 2025 жылы осы бағыттағы жұмыстарды жалғастырамыз.

Ембі кен алаңдарында оң нәтижесін көрсеткен тағы бір жоба - **Сапарларды басқару**.

«Сапарларды басқару» жобасы қызметкерлердің қауіпсіздік деңгейін арттыруға, жол-көлік оқиғаларының алдын алуға, автокөлік құралдарының

Ринат ІЗМҰХАНБЕТ, «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры:

ҰЖЫМДЫ ҰЙЫТАТЫН – БАСШЫ

ТАНЫСЫҢЫЗ:

Біздің кейіпкер: Ринат Нұрғожаұлы Ізмұханбет

Жалпы еңбек өтілі: 25 жыл

Отбасылық жағдайы: отбасылы, 3 баланың әкесі

қызмет ету мерзімін ұлғайтуға, техникалық қызмет көрсету және көліктердің тоқтап қалу шығындарын төмендетуге бағытталған. Бұл жоба экономикалық тұрғыда тиімді. Өйткені, шығындардың алдын алуға септігін тигізеді.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның өзінің **электр энергиясын өндіру** жобасы да жақсы нәтиже беруде. Газды кәдеге жарату үшін тауарлық күйге дайындап, «ҚазТрансГазАймақ» АҚ жүйесіне сату мақсатында Солтүстік

үздік салық төлеуші 10 компания қатарынан табылып келе жатқандығы.

Компания акционерлік қоғам болып құрылған 2012 жылдан 2023 жыл аралығында Ұлттық қор, республикалық және жергілікті бюджетке салық төлемдері ретінде 1 трлн 608 млрд. 835 млн. теңге, өңірдің инфрақұрылымын дамытуға – 6 млрд. 437 млн. теңге қаражат аударды.

- Ембі өңірінде қолға алынғалы жатқан жаңа жобалар



Үз (Үз, Қайнармұнайгаз), Гран (Жайықмұнайгаз) кен орындарында электр энергиясын өндіру жұмыстары қолға алынды. Қазіргі таңда бұл жоба бойынша сарапшылар қорытындысы алынды. Құрылыс, монтаждау және іске қосу жұмыстары басталды.

Компанияның негізгі бағыты өндіріс жоспарын орындау десек те, кез-келген кәсіпорын айналасындағы тіршіліктен тыс өмір сүрмейді. Қоғаммен біте қайнаса қызмет етеді. Бұл орайда, «Ембімұнайгаз» АҚ жер қойнауын пайдаланушы компания ретінде мұнайлы өңірдің дамуына елеулі үлесін қосып келеді.

Мемлекеттік және жергілікті бюджетке қомақты қаржы бөліп, инфрақұрылымды дамытуға айрықша үлесін қосуда. Соның бір айғағы – соңғы екі жыл қатарынан «Ембімұнайгаз» АҚ еліміз бойынша

туралы сөз қозғағанда айтай кету мүмкін емес жұмыс – Тайсойған блогына қатысты жоба. Жергілікті жұртшылық арасында кең талқыға да түсті. Бүгінде қолға алынып жатқан нақты шараларға тоқталсақ?

- 2022 жылдың желтоқсан айында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен ҚР Энергетика министрлігі арасында Тайсойған-1 мен Тайсойған-2 учаскелерін барлау және өндіру бойынша келісімшартқа қол қойылған. Бастапқыда жоба бойынша 10 барлау ұңғымасын бұрғылау жоспарланған. Алайда, бүгінде барлау ұңғымаларының саны 8-ге дейін қысқартылды. Себебі, Қызылқоға ауданында өткен қоғамдық тыңдауларда жергілікті тұрғындар жерасты суына қатысты алаңдаушылықтарын білдірген. Жергілікті халықтың

пікірлерін ескере отырып, Тайсойған құмындағы құрылымдар барлау-бұрғылау бағдарламасынан алынып тасталды.

Тайсойған блогындағы барлау жұмыстары жергілікті атқарушы биліктің және мемлекеттік органдардың бақылауында болып, ҚР Экологиялық кодекстің талаптары қатаң сақталады.

Айта кету керек, Тайсойған блогындағы геологиялық барлау жұмыстары сәтті жүзеге асқан жағдайда, Атырау облысы мен Қызылқоға ауданы экономикасының дамуына тың серпін береді.

БҮГІНГІ БАСШЫНЫҢ ПОРТРЕТІ

- Сұхбатымыздың басындағы ойымызға қайта оралсақ. Сонымен, компанияның табысты еңбегіне әсер ететін басты аламның бірі-басшы. Бүгінгі басшының ұстанған позициялары қандай болу керек деп ойлайсыз?

- Әрине, әр басшы кәсіби маман болуымен қатар, қарапайымдылық, кішіпейілділік пен адамгершілік қасиеттерін бойына жиған психолог болуға тырысуы қажет. Әріптестерін түсіне білетін басшы ғана ұжыммен тіл табысады. Сол себепті, басшы, алдымен, ұжымдағы жақсы ахуалды ұстау үшін әріптестерінің проблемасына түсіністікпен қарауы тиіс деп ойлаймын. Жұмысты талап етуімен қатар, олардың жұмыстан кейінгі өмірлері қандай деген сауалмен де танысқаны жөн. Әрқес ұжымда өндіріс пен әлеуметтік салада тепе-теңдікті ұстанған тиімді. Әр сатыдағы еңбек адамының отбасылық жағдайын, қандай нәрсеге икемді, қабілеті қандай екенін жақсы түсіне білуге тырысқаны абзал. Жұмысшының ішкі қырларының ашылуына мүмкіндік орнату – ол да

табысты еңбектің бір тетігі.

- Ойыңызды адам бойындағы жақсы қасиеттерге қарай бұрсақ. Сіз қандай қасиетті жоғары бағалайсыз? Әріптестеріңізден негі талап етесіз?

- Адалдық пен қарапайымдылық, талапшыл және білімді болу - адам бойындағы мен бағалайтын қасиеттер. Бұл орайда, әріптестерімен жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарауды талап етемін. Жауапкершілік бар жерде – тәртіп бар. Тәртіп бар жерде табысты еңбекке қол жеткіземіз. Осыны әрқес есте ұстауға тиіспіз.

- Жақында Қазақ мұнайының 125 жылдығын атап өттік. Барлық басқармаларда салтанатты шаралар ұйымдастырылып, табысты еңбек иелеріне, аға буын өкілдеріне құрмет көрсетілді. Сол мерекелік шаралардың бел ортасында өзіңіз де жүрдіңіз, еңбек адамдарына деген ықыласыңызды білдіріңіз. Жылы сөз көптік етпейді. Бүгінгі сұхбатымызды оқырман ембілік мұнайшыларға деген жылы лебізіңізбен қорытындыласақ...

- Біз - мәртебелі мамандықтың иесіміз. Әр мамандықтың өз орны бар. Десек те, мұнайшылық мамандықтың шоқтығы биік дер едім. Себебі, мұнай-газ өндіру секторы – **ел қауатының қайнар көзі**.

Еліміздің мұнай саласына, соның ішінде, Ембі өңірінде айшықты қолтаңбаларын қалдырып, жасампаз еңбектің тамаша үлгісін көрсеткен ембілік ардагерлерді айтулы мерекемен ерекше құттықтағым келеді. Олардың есімдерін әрдайым үлкен сыйластықпен, еңбектерін мақтанышпен айтамыз.

Ембі өндірісінде 4 мың 500-ден астам адам еңбек етуде. Компанияның қол жеткізген табысында әрбір мұнайшының үлесі бар. Біз ел қазынасының мол байлықпен толыға түсуі жолында еңбек етіп жатырмыз. Біз үшін маңызды мереке - төл мейрам, мұнайшылар күні. Биылғы мереке біз үшін ерекше. Биыл Қазақ мұнайына 125 жыл толы. Ардагерлер мен әріптестерімді қос мерекемен құттықтаймын! Мықты денсаулық, табысты еңбек тілеймін!

- Сұхбатыңызға рахмет. Ембі өңіріндегі қызметіңізге абырой мен табыс тілейміз!

Ғалия ҚАРАЖАНОВА,
Қазақстан Республикасы
Журналистер Одағының мүшесі



ҚҰЛСАРЫ ҚАЛАСЫНДА «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ДЕМЕУШІЛІГІМЕН ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Жаңа нысанда бір мезгілде 150 ерекше қажеттілігі бар балалар психологиялық-педагогикалық тұрғыдан оңалтудан өте алады.

Үш қабатты жаңа ғимараттың ресми ашылу салтанатына «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов және Атырау облысы әкімінің орынбасары Марат Мурзиев, аудан әкімі Жұмабек Қаражанов және өзге де құзырлы орган басшылары «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы қатысты.

«Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік шеңберінде біз мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамдық өмірге толыққанды араласуы үшін барлық жағдайды жасаймыз. Осыған дейін 40 оңалту орталығын іске қостық, онда 40 мыңнан астам бала көмек алып жатыр. Сондай-ақ,

бейімделген дене шынықтыру секцияларын ұйымдастырып келеміз, қазір олар 23 қала мен ауылда жұмыс істеп тұр. Биыл мүмкіндігі шектеулі азаматтар шифрлық мамандықтар бойынша білім алуды бастады. Осы жылдың соңына дейін Топта жұмыс істейтін қызметкерлердің санын 3000-ға жеткізу жоспарланып отыр, - деп атап өтті Нұрлан Жақыпов құттықтау сөзінде.

Құттықтау сөзден кейін жаңа ғимараттың символикалық кілті табысталды. «Самұрық-Қазына» әлауқат қоры» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов, облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Мақсым Ізбасов, білім саласының ардагері Рая Қосайқызы жаңа ғимараттың алқызыл лентасын қиды. Келушілер заманауи құрал-жабдықтармен жарақтандырылған орталықтың ішін аралап көріп, оң бағасын берді.

-Ауданда мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған оңалту орталығын ашу жөніндегі мәселе

талай алқалы жиындарда көтеріліп келді. Себебі көптеген ата-аналар ерекше балаларын емдету үшін Атырауға, жағдай жеткендер Астана, Алматы қаласына дейін апарады. Ал, қаржысы жоқтар қайтпек? Бүгін, міне, Оңалту орталығының ғимараты пайдалануға беріліп, сол түйіткілдің түйіні тарқатылғандай болды,- дейді зәулім ғимаратқа қоныс тепкен оңалту орталығының директоры Айнаш Шауқымова.

- Қызметкерлерге сапалы медициналық көмек көрсетуге және олардың өмір сүру жағдайларын үнемі жақсартуға ұмтылу - 100 жылдық тарихы бар біздің компанияның ежелден келе жатқан жақсы дәстүрі. Дегенмен, «Ембімұнайгаз» компаниясы жер қойнауын пайдаланушы ретінде өңірдің, жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға белсенді қолдау көрсетіп келеді.

Соның бірі - Құлсары қаласындағы оңалту-түзету орталығын



«Ембімұнайгаз» АҚ толығымен өз қаражатына салды. Орталық қазірдің өзінде 18 жасқа дейінгі балалар мен жастарды қабылдауда. Мұнда мұқтаж жандарға - ерекше қажеттіліктері бар көмекке толмағандарға жан-жақты көмек көрсетіледі.

Облыс орталығының өзінде сапалы медициналық және оңалту қызметтерін көрсететін мұндай орталық 70 балаға негізделсе, Құлсарыдағы орталықта бір мезетте 150 баланы қабылдауға мүмкіндік

бар. Бұл адамдардың өмір сүру сапасын айтарлықтай жақсартды, дамудың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашып, инклюзивті және медициналық қызметтердің барлығына қолжетімділігін енгізеді. Сондай-ақ, бұл жоба аймақта жаңа жұмыс орындарын ашуға және әлеуметтік инфрақұрылымды жақсартуға ықпал етті, - дейді «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова.

МЕРЕЙТОЙ

Қазақ мұнайының 125 жылдығы мен Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында Жаңаталап кен орнының 50 жылдық мерейтойы ерекше салтанатпен атап өтілді. Шараға Исатай ауданының әкімі Нұрым Мусин, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы, ардагер мұнайшылар, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ қызметкерлері қатысты.

- Осынау жарты ғасыр ішінде кен орны қазынаны «қара алтынға» толтыруда белсенділік танытып келеді. Шежіреге көз салсақ, 50 жылдың оң бойында елеусіз қалған бірде-бір жыл жоқ. Бірде кен орны «Интеллектуалды кен алаңы» жобасына қосылса, бір жылы жаңа технологиялар іске қосылды. Ал, бірде жатақхана мұнайшылар игілігіне беріліп жатты. Бұл - кеніштің осы жылдар ішінде заман ағымымен ілескен қайнаған қызу өмірін көрсетеді. Бұл орайда, өмірін өндіріспен өзектес еткен ардагер мұнайшылардың еңбектері орасан. Еңбек ерлігі әрі қарай дамып, ұрпақтар сабақтастығы бүгін де толайым табыстармен жалғасуда, - деп атап өтті **салтанатты шараға қатысқан «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова.**

Сондай-ақ, шараға қатысқан Исатай ауданының әкімі Нұрым Мусин «Жайықмұнайгаз» басқармасы құрылуымен бұл аймақта мұнайгаз өндірісі қарқынмен дами бастағанына ерекше тоқталды.

- «Жайықмұнайгаз» басқармасы қазыналы қара шаңырақ Ембі мұнайының 30 пайыздан астамын өндіріп келе жатқан аудандағы іргелі өндіріс орны болса, Жаңаталап кен орны - «Жайықмұнайгаз» мұнайының 20 пайыздан астамын өндіріп келе жатқан өндіріс орны.

Жаңаталап кен орны бойынша пайдалануға берілген уақыттан бері 286 ұңғы бұрғыланып, бүгінгі таңда игеру қорында 124 ұңғы бар, - деп **басқарма бастығы Азамат**



Маңғыбаев жалпы басқарманың, соның ішінде, кен алаңының жетістіктеріне тоқталды.

Кен алаңы жаңа технологиямен қамтылып, өндіріс жаңа нысандармен де толығуда. Атап айтатын болсақ, 2000 және 2012 жылы 20 орындық жаңа 2 жатақхана пайдалануға берілсе, 2021 жылы тағы 20 орындық жатақхана есігін айқара ашты.

2007 жылы Жаңаталап мұнай дайындау учаскесінде сораптар ғимараты және операторлар ғимараты іске қосылды. Ал, 2010 жылы жаңа медициналық пункт жұмысын бастады. 2014 жылы жинау пунктіндегі операторлар

ғимараты және 2019 жылы электрик ғимараты ПС-35/6кВ пайдалануға берілген. 2015 жылы 50 орындық асхана құрылысы жүргізілді. Ал, биыл жаңа өндірістік ғимарат пайдалануға беріліп отыр. Бұл жұмыстардың барлығы - өндірістегі еңбек адамының жұмыс жағдайын жақсарту бағытында атқарылған жобалар. Құрылыс нысандары барлық стандарттарға сай жүргізілген, заман талабына сай жабдықтармен жабдықталған.

Жиын барысында біртөп мұнайшы «Қазақ мұнайына - 125 жыл» мерекелік медалімен, басқарманың және кәсіподақ ұйымының Алғыс хатымен марапатталды.

Исатай ЛУКСАНОВ, 5 разрядты жөндеуші-слесарь:

- Жаңаталап кен орнындағы еңбек жолым 2014 жылы басталды. Яғни, бұл ұжымда 10 жыл бойы еңбек етудемін. Осы уақыт аралығында жұмысшыларды қолдауға бағытталған шаралардың күәсі болып келеміз. Кәсіби мереке қарсаңында мерекелік медальға ие болып жатырмын. Бұл - жалпы жаңаталаптық мұнайшылардың еңбегіне берілген ортақ марапат деп білемін. Мереке құтты болсын!



Қуаныш МАМАЕВ, мұнай өндіру операторы:

«Жайықмұнайгаз» басқармасында 2003 жылдан бері еңбек етемін. Ал, 2017 жылы Жаңаталапқа ауыстым. Содан бері өндіріске заманауи тың жобалар енгізілуде. Кен орны «Интеллектуалды кен алаңы» бағдарламасына еніп, қазіргі таңда операторлар ұңғымалардағы өнім өндіру процесіне планшеттер арқылы бақылау жүргізеді. Өнім өндіру көрсеткішін арттыру мақсатында басқа да игі жұмыстар қолға алынды. Еңбек адамына жасалған қолдауды жіті сезініп келеміз.

Дәрмен қысымын БЕКЕНОВ, қабат сақтау бөлімінің машинисі:



Мұнайшылық еңбек жолыма биыл 30 жыл толып отыр. Аз уақыт емес, әрине. Осынау уақыт аралығында заман көшіне сай өндіріс қарқыны да айтарлықтай дамып келе жатыр.

Асханамыз да жаңа, тамақтары да сапалы. Жатақханамыз кең, жарық, таза. Өндіріс процесі автоматтық жүйеге еніп, мұнайшыларға игілікті шаралар кезең-кезеңімен атқарылып келеді. Әр қол жеткізген табыстың артында - ұжымның бірлігі жатыр. Бұл орайда, Жаңаталап ұжымының бірлігі көпке үлгі деп айта аламын.

АКЦИЯ

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» - қайырымдылықтың жарқын үлгісі

«Ембімұнайгаз» АҚ Қазақ мұнайының 125 жылдық мерейтойына орай бірнеше әлеуметтік жобаларды қолға алды. Солардың бірі – «Мектепке жол» акциясы. Мұнайлы өңірдегі әлеуметтік көмекке мұқтаж және көпбалалы отбасыларының 500-ге тарта баласына мектепке қажетті құралдардан көмек көрсетілді.

- «Мектепке жол» акциясы ембілік мұнайшылар тарапынан жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді. Биылғы шара Қазақ мұнайының 125 жылдық мерекесіне орайластырылып отыр. Әлеуметтік жағдайы аз қамтылған және көпбалалы отбасылар балаларын оқу жылына дайындау мақсатында арнайы мектеп құралдарымен жабдықталған (барлығы 25 құрал) рюкзак табысталууда, - деп атап өтті «Ембімұнайгаз» АҚ Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қуандық Калидуллин.

Атырау өңірінің жұртшылығына әрдайым қолдау көрсетуді алдыңғы қатарға қоятын «Ембімұнайгаз» АҚ әлеуметтік жауапкершілікті жоғары бағалайды. «Мектепке жол» акциясын ембіліктер жыл сайын жергілікті әкімшілікпен бірлесе отырып атқарып келеді. Биылғы жобаның аясында әлеуметтік көмек көрсетілетін балалардың тізімі Атыраудағы «Жүректен-жүрекке» үкіметтік емес ұйымымен бірлесе отырып жасалынды. Атырау қаласы бойынша – 86 оқушы, Мақат ауданы бойынша – 75, Жылыой ауданынан – 75, Қызылқоға ауданынан – 75, Исатай ауданы бойынша – 75, Индер ауданынан – 35, Махамбет ауданы – 35, Құрманғазы ауданынан 35 балаға көмек көрсетілді.



ЖОМАРТТЫҚ



Мұнайшылар жалғызбасты анаға баспана сыйлады

Қазақ мұнайының 125 жылдығы қарсаңында «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұжымы өз еріктерімен қаражат жинап, төрт бала тәрбиелеп отырған жалғызбасты анаға Мұқыр ауылынан 5 бөлмелі тұрғын үйдің кілтін табыс етті.

Жалғызбасты ана Айнагүл Үтбаеваның қуанышында шек жоқ. Көп жылдардан бері арман еткен баспанасына қол жеткізді. Осы уақытқа дейін ол төрт баласымен апатты жағдайдағы баспанада тұрып келген болатын. Оның ішінде, біреуі - ерекше бала.

- «Қайырымдылық жасасаң – қайырын өзің көресің» дейді қазақ халқы. Адамгершілігімізді көрсетіп, мұқтаж жандарға қолұшын созу арқылы сол адамдардың сауабын алып, алғысына бөлену үлкен кеңдікті білдіреді. Барлық белсенділік танытқан қызметкерлерімізге рахмет айтамын. Бұл қайнарлықтардың алғашқы қайырымдылық шарасы емес. Алдағы уақытта да осындай игі үрдісті жалғастыру жоспарымызда бар, - дейді «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы Амангелді Сүлейменов.

- Көптен күткен арманымға қол жеткіздім. Бұған дейін құрдастарым алып берген үй апатты жағдайда болатын. Жауын-шашын күндері үйдің ішіне дейін су кіріп кететін. Жергілікті азаматтардың көмегімен біраз жай жөндеу жұмыстары жүргізілді. Дегенмен, бұл уақытша қорғаныс болатын. Отбасыма жиендерімді де бағып отырмын. Сондықтан, осындай жайлы, кең үй ауадай қажет болды. Мереке қарсаңында осындай тарту жасаған қайнарлық мұнайшыларға аналық алғысымды білдіремін, - дейді Айнагүл Үтбаева.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның

әлеуметтік желілердегі
парақшаларына тіркеліңіздер!

- Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ
- Facebook - Ембілік Мұнайшы
- Instagram - @embamunaigas.kz
- You tube - «Ембімұнайгаз» АҚ
- TikTok - @embamunaigas



«Ембі тынысы» газетін
осы QR код арқылы да
оқи аласыздар.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Бас редактор: А.Ертлеуова

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай
аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmger.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
A.Ertleuova@emg.kmger.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенев – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Кенжехорұлы – Аппарат жетекшісі;

Ә.Каримов – Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас техникалық басшының м.а;

К.Түлеушов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.